



Ахметжанова Кенжетай Қадырханқызы

1949 жылдын 29 желтоқсан айында Қорт ауылында дүниеге келген:

1967 жылы Майқарағай орта мектебін бітіріп. Павлодар қаласының Ахметов атындағы педагогикалық колледжіне түсті.

1972 жылы Шарбақты орта мектебіне ұстаз болып орналасты.

1975 жылы 5-8-сыныптарға еңбек пәнінен дәріс берді.

1986 жылы алтыжасар балаларды оқытатын бастауыш сыныпта тәрбиеші міндетін атқарып, 1991 жылдан бастап бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарды.

Кенжетай Қадырханқызы өзінің педагогикалық жолында еңбек пәнінің мұғалімі, алтыжасар балалардың тәрбиешісі, бастауыш сыныптардың мұғалімі ретінде қызмет атқарды. Ұстаздың әдістемелік ерекшелігіне келетін болсақ, әр оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеп шығару мақсатында балалармен шығармашылық деңгейде жұмыс істеп, бойларында адамгершілік, ізгілік, парасаттылық қасиеттерін тәрбиелеп, рухани байлығын дамытуға ұстаздық шеберлігін жұмсайтын.

Сыныптан тыс уақытында оқушылармен бірге шешендік сөздер, аталы сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жинап, кітапша түрінде шығарып, ондағы әрбір сөзді талдап, оқушылардың өз ойларын ортаға салуларын талап етіп, еркін сөйлеу, ойларын жеткізе білу қабілеттерін шыңдауда көп еңбектенетін.

Сонымен қатар, оқушыларына берген дәрісінің тәрбиелік мәніне көп назар аударатын. Оқушыларының әсемділік, шығармашылық қасиеттерін қалыптастырып, сурет салу, мүсін жасау, қол өнерін дамытуға бағыттайтын.

Алдына қойған мақсатын орта жолда қалдырмай, әрбір жасалған жұмыстың нәтижесін көруге тырысатын.

Мектептегі қол өнер көрмесі, бастауыш сыныбының пән кабинеті осы ұстаздың шеберлігі арқасында ұйымдастырылып, безендірілетін. Мектеп мұражайының ұйымдастырылуына да көп еңбегі сіңген ұстаз.

Білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп шығарған шәкірттері қазіргі таңда өз елінің өркендеуіне үлесін қосып жатқан білікті мамандары, елжанды азаматтары.

1996 жылы зейнеткерлікке шығып, бүгінгі күнде құрметті демалыста.